

20.01.2019

### «Рухани жаңғыру – болашаққа сенім»

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы барша қоғамымызға зор сілкініс әкелді. Елбасы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың өмірге деген көзқарасын, анықтап, Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының бағдарларын ұсынған болатын. Осыған орай біздің облыстық № 2 ғылыми әмбебап кітапханасының оқу залында оқырмандар үшін «**Рухани жаңғыру – болашаққа сенім**» атты тақырыптық көрмесі ашылды.

Көрме екі бөлімнен тұрады, бірінші бөлімінде : «Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру» бойынша **Бәсекеге қабілеттілік , Прагматизм, Ұлттық бірегейлікті сақтау, Білімнің салтанат құруы, Эволюциялық даму** қағидасы, **Туған жерге деген сүйіспеншілік** атты бөлімдерін қамти отырып кітаптар қойылса, екінші бөлімінде: «**Ұлы даланың жеті қыры**» атты Елбасымыздың мақаласына арналды. «Ұлы даланың жеті қыры» бұл бастама «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қаралды. Алғашқы тарау «**Ұлт тарихындағы Кеңістік пен Уақыт**» деп аталып, атқа міну мәдениеті, ұлы даладағы ежелгі металлургия, аң стилі, алтын адам, түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек жолы, Қазақстан - алма мен қызғалдақтың отаны деген бөлімшелерден тұрса, екінші тарау «**Тарихи сананы жаңғырту**» деп аталынып алты бөлімге бөлінді: «Архив - 2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемнің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» сияқты тақырыптардан тұрады.

«Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу» деп Елбасымыз айтқандай Рухани жаңғыру аясында қосымша ақпарат іздесеңіздер, бізден табуға болады.

